

Ішкі істер органдарының шетелге шығатын рұқсат жазбаны ресімдеуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 14 маусым N 335 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 30 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1177. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 10 қыркүйектегі N 655 бұйрығымен. ~V011682

Ішкі істер органдарындағы көші-қон қызметінің жұмысын одан әрі жетілдіру мақсатында

Бұйырамын:

1. Ішкі істер органдарының шетелге шығатын рұқсат жазбаны ресімдеуі жөніндегі нұсқаулық бекітілсін және іске асырылсын (қоса беріліп отыр).

2. Астана қаласы ПБ-нің, Алматы қаласы ПББ-ның, облыстардағы ПББ-ІББ-ның, көліктегі ПБ-ның бастықтары:

1) шетелге шығуды ресімдеу жұмысына қатысы бар жеке құрамның

Нұсқаулықты оқып үйренуін ұйымдастырсын және оның орындалуын бақылауды қамтамасыз етсін;

2) көші-қон полициясының бөлімшелерін қажетті сауалнама-арыз, есепке алу карточкаларының бланкілерімен және белгіленген үлгідегі мөртаңбамен қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаментіне жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі-
Ішкі әскерлер қолбасшысы
генерал-лейтенант

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің
2000 жылғы 14 маусым N 335

бекітілген

Ішкі істер органдарының шетелге шығатын
рұқсат жазбаны ресімдеуі жөніндегі
Нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

Осы Нұсқаулық К951000_ Қазақстан Республикасының Конституциясына, Z914800_ "Қазақстан Республикасындағы Азаматтық туралы", Z970204_ "Халықтың көші-қоны туралы", Z990349_ "Мемлекеттік құпия туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және оларға сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес әзірленді.

Шетелге шығатын рұқсат жазбаны ресімдеу мемлекеттің, Қазақстан Республикасы азаматтарының мүдделерін қорғау мақсатында және мемлекеттік құпиядан хабары бар, қылмыс жасағаны үшін құқық қорғау органдарының іздеуінде жүрген, тергеуден немесе соттан бой тасалап жүрген, сондай-ақ мемлекеттің және азаматтардың алдында талаптық қарыздары және басқа да міндеттері бар адамдардың бақылаусыз шығуын болдырмау үшін жүзеге асырылып отыр.

1. Нұсқаулық:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелге шығатын рұқсат жазбаны ресімдеу;

2) өтініші бойынша қабылданған қайшы шешімдерді, сондай-ақ шетелге шығу тәртібіне қатысты басқа да мәселелерді қайта қарау туралы азаматтардың арыздары мен шағымдарын қарау;

3) шетелге шығу мәселелері бойынша іс жүргізу мәселелерін қарайды.

2. Шетелге шығатын рұқсат жазбаны ресімдеу туралы арызды 18 жасқа толған адамдар бере алады. 18 жасқа толмаған Қазақстан Республикасының азаматтары шетелге заңды өкілдерінің (ата-анасы, қамқоршысы, қорғаншысы) нотариус растаған келісімін көрсету арқылы шыға алады. Сонымен бірге, 16 жастан 18 жасқа дейінгі балалар құжаттарын өз беттерінше тапсыра алады, ал 16 жасқа дейінгі балалар үшін құжаттарын заңды өкілдері немесе оларды ілестіріп жүрген адамдар тапсырады.

Ілестіріп жүрген адам (заңды өкіл) өзімен бірге шығатын кәмелетке толмаған

жасөспірімнің мәліметтерін өзінің сауалнама-арызына енгізеді. Мұндай жағдайда , кәмелетке толмаған жасөспірімге туу туралы куәлігінің негізінде Қазақстан Республикасы азаматының паспорты ресімделеді.

18 жасқа толмаған Қазақстан Республикасының азаматтары ата-анасының бірімен (қамқоршысымен, қорғаншысымен) - Қазақстандық азаматпен, шетелге тұрақты тұруға кететін жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын екінші ата-анасының нотариус растаған келісімі талап етіледі. Екінші бір ата-анасының келісімі жоқ болған жағдайда кәмелетке толмаған жасөспірімнің кетуіне соттық тәртіппен рұқсат берілуі мүмкін. Уақытша шығу үшін мұндай келісім талап етілмейді.

3. Сот қолынан іс келмейді деп таныған Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасынан өздерінің заңды өкілдерінің нотариус растаған өтініші бойынша немесе сот шешімінің негізінде ғана шыға алады.

4. Шығатын рұқсат жазбаны ресімдеу туралы арыз арызданушының тұрақты тұратын жеріндегі аудандық (қалалық) ішкі істер органдарының көші-қон полициясы бөлімшелеріне немесе Астана қаласының ІІБ-на, Алматы қаласының ІІББ-на, облыстардағы ІІББ-ІІБ-на Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне беріледі.

Арыз шығатындардың Қазақстан Республикасы азаматының жарамды паспорты мен жеке куәлігін көрсеткен кезде қабылданады.

5. Егер арызданушыда Қазақстан Республикасы азаматының паспорты жоқ болған жағдайда оған бір мезгілде паспорт алу жөнінде арызды ресімдеу ұсынылады.

6. Ішкі істер органдарының қызметкерлері сауалнама-арыз қабылдаған кезде оның толтырылуының дұрыстығын тексереді және қабылданған күнін қояды.

7. Шетелге шығатын рұқсат жазбаны ресімдеу туралы өтініш осы Нұсқаулықта көзделген барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін ғана қарауға қабылданады. Қарауға қабылданған құжаттар кейіннен қайтарылмайды. Азаматтардан осы Нұсқаулықта көзделмеген құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

8. Шетелге шығатын рұқсат жазбаны ресімдеу туралы арыз бір ай мерзімнен кешіктірілмей қаралады. Егер, жол жүру шетелге шығатынның тез арада дәрігерлік емделуіне, немесе шетелде тұратын туысқандарының ауыр науқас болуына немесе өліміне қатысты болған жағдайда - бір тәулік ішінде қаралады.

9. Қазақстан Республикасынан тысқары жерде жүрген немесе тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына уақытша шетелге шығуға рұқсат жазбаны ішкі істер органдары және қауіпсіздік комитеті органдарымен келісілгеннен кейін сол елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері ресімдеуі мүмкін.

10. Егер шетелге уақытша жұмыстармен шығатын адамның шетелде қалатын ойы болса, онда құжаттарды ресімдеу тұрақты тұруға ресімделген сияқты жүргізіледі.

11. Осы қаралған арыздардың нәтижелері, егер қабыл алынбаған жағдайда оның себептері, арызданушыларға жазбаша түрде жеткізіледі.

12. Қызмет ісі бойынша немесе оқуға бару үшін шетелге шығатын рұқсат жазба оларды жіберуші ұйымдардың өтініші бойынша ресімделеді.

13. Шетелге турист ретінде шығатын азаматтар туристік фирмаларға немесе тікелей көші-қон полициясының бөлімшелеріне өтініш жасай алады.

14. Шетелге шығатын рұқсат жазба Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген мемлекеттік баж салығын төлегеннен кейін беріледі.

15. Ішкі істер органдарына құжаттарды делдал фирмалар арқылы қабылдауға тыйым салынады.

2. Қазақстан Республикасынан шығатын рұқсат жазбаны ресімдеу.

16. Белгіленген үлгідегі мастикалық мөртабан түріндегі (1 қосымша), шетелге шығу мақсаты (тұрақты тұруға немесе уақытша шығуға) және қай уақытқа дейін шығуға болатын күнін растайтын рұқсат жазбаны ішкі істер органдары тек қана Қазақстан Республикасы азаматының паспортына қояды. Ол рұқсатнамалық мөртабанмен және Көші-қон полициясы басқармасының бастығының немесе оның орынбасарының қолымен куәландырылады.

Тұрақты тұру үшін рұқсат жазба 6 айға дейінгі мерзімге, ал шетелге уақытша шығу үшін - бір жыл мерзімге қойылады, бірақ ол паспорттың жарамды мерзімінен аспауы керек.

Жазбалар рұқсатнама үшін көзделген парақтарға қойылады.

17. Ата-аналарымен шетелге бірге баратын 16 жасқа дейінгі балалардың мәліметтері ата-аналарының (қамқоршысының, қорғаншысының) паспортына жазылады. Сонымен бірге паспортқа балалардың фотосуреттері жапсырылады.

Ата-аналарсыз, ілестіріп жүретін адамдармен сапарға шығатын балаларға Қазақстан Республикасы азаматының паспорты беріледі.

Ата-аналарымен бірге баратын балалардың фотосуретін жапсыру және мәліметтерін жазу паспорттың екінші бетіне, егер ол пайдаланылған болса - басқа бос бетіне жасалады. Балалардың фотосуреттері мен олар туралы жазбалар рұқсатнамалық мөртабанмен және қол қоюмен куәландырылады.

18. Шетелге тұрақты тұру үшін ата-аналарымен (қорғаншысымен, қамқоршысымен) бірге баратын 16 жасқа дейінгі балаларды ілестіріп жүретін адамдардың паспортына бірге баратын балалар туралы жазба жазылады, мысалы:

"Паспорт бойынша - бірге бір бала барады..... бетті қараңыз", ол сәйкесінше лауазымды адамның қолымен және рұқсатнамалық мөртаңбамен куәландырылады.

3. Арыз берушілерді тексеру және арыздар бойынша шетелге шығатын рұқсат жазбаны ресімдеу туралы шешім қабылдау.

19. Арыз берушілерді тексеру Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік құпиялар туралы", "Халықтың көші-қоны туралы" Заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Ұлттық қауіпсіздік органдары шетелге уақытша шығатын рұқсат жазбаны ресімдеу туралы арыздың түскені туралы сауалнама-арыз жіберу арқылы хабардар етіледі.

21. Арыз берушілерді тексеруді өздеріндегі есепке алу бойынша қалалық, аудандық ішкі істер органдары жүзеге асырады.

22. Тексеру аяқталғаннан кейін қабылданған арыздар оның нәтижесі туралы бір мезгілде хабарлана отырып Ішкі істер басқармасына жіберіледі. Ішкі істер басқармалары арызданушыларды Астана қаласы ІІБ-ның, Алматы қаласы ІІББ-ның, облыстардағы ІІББ-ІІБ-ның Көші-қон полициясы басқармаларының (бөлімдерінің) және Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығының (бұдан әрі - ҚСЖАО) аймақтық бөлімшелеріндегі есепке алу бойынша тексереді.

23. ҚСЖАО-ның есепке алуы бойынша тексеру сауалнама-арыз немесе талаптар жіберу арқылы жүзеге асырылады.

24. Азаматтарды тексеру 14 жастан бастап жүзеге асырылады.

25. Шетелге тұрақты тұру үшін шығу туралы материалдар ұлттық қауіпсіздік органдарымен сауалнама-арыз жіберу арқылы келісуге жатады.

Келісу материалдары, шетелге шығу мүмкіндігі туралы ұлттық қауіпсіздік органдарының шешімімен қоса, ішкі істер органдарына қайтарылады.

26. Ішкі істер органдары арыздың қаралу нәтижесі бойынша шешім қабылдайды, ол арызданушының шетелге шығатын рұқсат жазбасын ресімдеуге немесе өтініштен бас тартуға негіз болады. Көрсетілген шешімдер сауалнама-арыздарда тиісінше мастикалық мөртабанмен ресімделеді (2 қосымша).

27. Азаматтардың шетелге тұрақты тұру үшін шығуы туралы материалдар бойынша шешімді Көші-қон полициясы басқармаларының (бөлімдерінің) бастықтары немесе олардың орынбасарлары қабылдайды. Егер ұлттық қауіпсіздік органдарының шығу материалдарын келісу бойынша жауабы белгіленген мерзімде түспеген және орган оны ұзарту туралы өтініш жасамаған

жағдайда, шешім ұлттық қауіпсіздік органының жауабынсыз-ақ қабылданады, ол туралы мөртабанның төменгі жағына келісімге жіберілген материалдардың шығыс нөмірі мен күні көрсетіліп, тиісті жазба жазылады.

28. Қазақстан Республикасынан шығу туралы өтініш бойынша қарама-қайшы шешім заңнамаларда белгіленген тәртіп бойынша шетелден жаңа шақыру талап етпестен қайта қаралады.

4. Қазақстан Республикасынан шығу құқығын беру өтінішін уақытша қабыл алмау негіздері

29. Қазақстан Республикасы азаматының Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес Қазақстан Республикасынан шығу туралы өтініші мына жағдайда, егерде ол:

1) мемлекеттік және өзге де заңмен қорғалатын құпия болып табылатын мәліметтерден хабардар болса - осы жағдай әрекетінің толық тоқтағанына дейін;

2) қылмыс жасағандығы туралы күдік бойынша ұсталса немесе айыпталушы ретінде жауапқа тартылса - іс бойынша сот үкімі шығарылғанға немесе сот үкімінің заңды күшіне енуіне дейін;

3) қылмыс жасағаны үшін сотталса - жазасын өтеп болғанға дейін немесе жазадан босатылғанша;

4) өзіне сот жүктеген міндеттерді орындаудан бас тартса - міндеттердің орындалуына дейін немесе тараптардың келісімге қол жеткізуіне дейін;

5) мерзімді әскери қызметін өтеп жүрсе - осы қызметті өтеп болғанға дейін немесе одан Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес босатылғанға дейін;

6) Қазақстан Республикасынан шығу үшін құжаттарды ресімдеу кезінде өзі туралы біле тұра жалған мәліметтер берсе - мәселелерді осындай құжатты ресімдейтін органның шешкеніне дейін, бірақ бір айдан көп емес;

7) азаматтық сот өндірісінде жауапкер болса - іс бойынша шешім қабылданғанға дейін немесе сот шешімінің заңды күшіне енуіне дейін.

30. Жоғарыда аталған негіздер бойынша шетелге шығу туралы рұқсат жазбаны ресімдеуден бас тарту, сондай-ақ жоғары жақтың жауабы осы Нұсқаулықта белгіленген мерзімнен кешіктірілсе немесе паспортты алып қойса азаматтардың заң бойынша белгіленген тәртіппен жоғары тұрған органдарға немесе тұрғылықты жеріндегі сотқа шағым берулеріне болады.

5. Шетелде тұрғылықты тұру үшін Қазақстан Республикасынан шығатын рұқсат жазбаны ресімдеу үшін қажетті құжаттар.

31. Шетелде тұрғылықты тұру мақсатымен шығатын рұқсат жазбаны ресімдеу үшін ішкі істер органдарына мыналарды ұсыну қажет:

1) өкілетті органдар куәландырған және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдегі дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері ресмилендірген шетелде тұрақты тұратын туыстарының, таныстарының немесе шет мемлекет ұйымдарының шақыруы (түпнұсқасы және көшірмесі). Қажет болған жағдайда шақырудың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасы қоса берілуі керек. Жекелеген адамдардың Қазақстан Республикасынан шығуына рұқсат ету туралы өтініш берген шет мемлекеттердің елшілігі мен консулдығының өтініші (хаты), сондай-ақ нотариус растаған күйеуінің (әйелінің) немесе арызданушы - шетел азаматының немесе шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматының ата-анасының бірінің арызы бірге шығуға болатын шақыру есебінде қабылданады;

2) екі данада сауалнама-арыз (3 қосымша). Сауалнамада көрсетілген мәліметтер жеке куәлігі, паспорт және еңбек кітапшасымен салыстырылады. Сауалнама-арыз жазу машинкесінде немесе қолмен ұқыпты әрі түсінікті етіп толтырылады. Өзінің атын, әкесінің атын, тегін өзгерткен адамдар сауалнама-арызда (жақшаның ішінде) өзінің бұрынғы атын, әкесінің атын, тегін көрсетуге міндетті. Сауалнама-арызды жұмыс немесе оқу орны бойынша кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің басшылары, ал жұмыс істемейтіндердікін - көші-қон полициясы органдары куәландырады.

Сауалнаманың оң жақтағы жоғарғы бұрышындағы арнайы бөлінген орында фотосурет жапсырылады. Әскерге шақырылу жасындағы азаматтар (18 жас пен 27 жас аралығында) мемлекет алдында әскери борышын өтемеген болса, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша оны орындау немесе бұл міндеттен босату мәселесін шешу қажет, ол туралы әскери комиссариаттан тиісті анықтама беріледі.

3) шетелге шығатындардан заң бойынша алимент алуға құқы бар Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың (ата-аналары мен бұрынғы ерлі-зайыптылар, егерде бір некеден туған кәмелетке толмаған жасөспірім балалары бар болса) алименттік төлемдерді өндіру жөніндегі талаптарының жоқтығы жөнінде нотариус растаған арызы (4 қосымша). Егерде арызданушы қандай да бір себептермен мұндай арызды ала алмаған жағдайда оған алименттік міндеттердің барлығы немесе жоқтығы жөніндегі мәселені қарайтын сотқа жүгіну керектігі түсіндіріледі. Осы мәселе қаралғаннан кейін арызданушы соттың тиісті шешімін ұсынады. Ата-анасы қайтыс болған жағдайда олардың өлімі туралы куәліктің нотариус растаған көшірмесі ұсынылады;

4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот қаулыларын орындау жөніндегі Комитетінің тиісті аумақтық органдарының белгіленген тәртіппен

бекіткен шетелге шығатын адамға қатысты реттелмеген алименттің және басқа да заң жүзінде бекітілген міндеттердің барлығы немесе жоқтығы туралы анықтама;

5) 14 жастан 18 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарымен немесе олардың бірімен шетелге шығуға келіскендігі туралы нотариус растаған келісімі;

6) бір фотосурет, онымен қоса арызданушымен бірге шығатын балалардікі де.

32. Барлық қажетті құжаттарды қабылдағаннан кейін белгіленген тәртіп бойынша арызданушыны тексеру, олардың шығуын ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу, шешім қабылдау жүзеге асырылады.

33. Арызданушыларға шығу туралы арыз олардың шығуға рұқсат алмайынша , мүліктерін сатуға және жұмыстан шығуға негіз болмайтындығы ескертіледі.

34. Шетелге тұрақты тұруға кететін адамдардың паспортына ішкі істер органдары " ----- тұрақты тұруға барады" деген жазба жазады немесе мөртаңба басылады. Жазба мөртаңбамен және Көші-қон полициясы басқармасы (бөлім) бастығының немесе оның орынбасарының қолымен бекітіледі. ТМД елдеріне шығар кезде жазба паспорт мөртаңбасымен бекітіледі және ол алыс шетелге шығу құқын бермейді. ТМД елдеріне тұрақты тұру үшін шығатындарға іс-қағаздар ресімделмейді, тек есеп карточкалары толтырылады.

Дегенмен, шетелге шығатындар ҚСЖАО-ның есебі бойынша міндетті түрде тексеріледі.

35. Шетелге тұрақты тұру үшін шығатындар рұқсат жазба ресімдеген паспортты алар кезде көші-қон полициясы Басқармасына (бөліміне) жеке бас куәлігін, тұрғылықты жерінен есептен шыққандығы туралы белгісі бар кету парағын, жұмыс орнынан материалдық және өзге де талаптардың жоқтығы жөнінде анықтама, ал әскери міндеттілерге - әскери билетін тапсырғандығы жөнінде анықтама тапсыруы керек.

36. Қазақстан Республикасынан шетелге тұрақты тұруға шығатын азаматтарға шетелдегі тұратын жеріне келгеннен кейін олардың келген елдегі Қазақстан Республикасының жақын жердегі дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне міндетті түрде консулдық есепке тұру керектігі түсіндіріледі.

6. Шетелге қонаққа, емделуге немесе жұмысқа бару үшін Қазақстан Республикасынан шығатын рұқсат жазбаны ресімдеу үшін қажетті құжаттар.

37. Шетелге уақытша жеке шаруамен, емделуге немесе жұмысқа бару мақсатында Қазақстан Республикасынан шығатын рұқсат жазбаны ресімдеу үшін ішкі істер органдарына мынадай құжаттар:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелге шығу үшін ондағы туыстарының, таныстарының немесе шет мемлекет ұйымдарының шақыруы (түпнұсқасы және көшірмесі) немесе осы адамның шетелге қонаққа, емделуге немесе жұмыс істеуге бара жатқандығын растайтын өзге де құжаттар;

Шақыру қағазының түпнұсқасы арызданушыға қайтарылады. Шақыру қағазы берілген күнінен бастап 12 айға дейін жарамды;

2) сауалнама-арыз (екі дана);

3) бір фотосурет, оның ішінде бірге шығатын балаларға да тапсырылады.

7. Қызмет бабымен және оқуға бару үшін Қазақстан Республикасынан шығатын рұқсат жазбаны ресімдеуге қажетті құжаттар.

38. Азаматтардың қызмет бабымен және оқуға шетелге шығуы үшін рұқсат жазбаны ресімдеу тұрғылықты жері бойынша Астана қаласы ІІБ-ның, Алматы қаласы ІІББ-ның, облыстардағы ІІББ-ІІБ-ның және Қазақстан Республикасының Ішкі істерінде, ал Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тұратын азаматтарға - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдердегі дипломатиялық өкілдіктерінде немесе консулдық мекемелерінде жүргізіледі.

39. Шетелге қызмет бабымен делегациялар мен мамандардың шығуы туралы қызметшілердің барлық санатына қатысты шешімді мемлекеттік мекемелердің, бірлестіктердің, мекемелер мен ұйымдардың басшылары өз бетінше қабылдайды. Сонымен қатар, мемлекеттік құпияларды сақтауды қамтамасыз ету мақсатында іссапарға жіберетін ұйымдар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қалалық немесе облыстық бөлімшелерімен мемлекеттік құпияларға рұқсаты бар қызметкерлердің шығуын сәйкесінше келіседі.

40. Іссапарға жіберетін ұйым шетелге шығуға рұқсат жазбаны ресімдеу үшін ішкі істер басқармасының Көші-қон полициясы басқармасына (бөліміне) мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ұйымның басшысы немесе оның орынбасары қол қойып, мөрмен бекітілген ұлттық қауіпсіздік органымен келісілген белгіленген үлгідегі қолдаухат (5 қосымша). Республикалық дәрежедегі министрліктер мен ведомстволардың басшыларынан шетелге шығу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қосымша келісімі талап етіледі;

2) қабылдап алушы тараптың шақыру қағазы (түпнұсқасы мен көшірмесі)

қажет болған жағдайда нотариус растаған аудармасымен қоса. Шақыру қағазының түпнұсқасы іссапарға жіберуші ұйымға қайтарылады;

3) сауалнама-арыз (екі дана);

4) бір фотосурет.

Шетелдік оқу орындарына оқуға шығу кезінде ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісілген білім беру органдарының қолдаухаты талап етіледі.

8. Турист ретінде Қазақстан Республикасынан шығуға рұқсат жазбаны ресімдеу үшін қажетті құжаттар

41. Турист ретінде шығу кезінде туристік ұйымдар Астана қаласы ІІБ-на, Алматы қаласы ІІББ-на, облыстардағы ІІББ-ІІБ-на мыналарды ұсынады:

1) белгіленген үлгідегі тапсырыс (5 қосымша);

2) сауалнама-арыз екі данада;

3) бір фотосурет, оның ішінде бірге шығатын балаларға да.

42. Қазақстандық емес туристік ұйымдар арқылы жүзеге асырылатын шетелге бару кезінде тапсырыс орнына жолдаманың, туристік ваучердің немесе карнеттің көшірмесі (түпнұсқа азаматтарға қайтарылады) немесе туристік жеке сапарға шығу туралы арыз (6 қосымша) ұсынылуы мүмкін.

9. Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелде тұрақты тұруға қалдыру.

43. Жеке шаруамен уақытша шығып, шетелде тұрғылықты тұруды ресімдеуге тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтары шетелде тұрғылықты тұруға қалдыру туралы шешімді уақытша баруға рұқсат берген ішкі істер басқармаларының пікірін есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері қабылдайды. Мұндай жағдайларда дипломатиялық өкілдіктер немесе консулдық мекемелер Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі арқылы сол елде тұрғылықты тұруға азаматтарды қалдыру мүмкіндігі туралы қорытындыны ішкі істер басқармаларына жібереді. Осы қорытындылар бойынша Көші-қон полициясы басқармалары (бөлімдері) шетелге шығатын адамдармен олардың бірге тұрған жақын туыстары және олар жұмыс істеген кәсіпорындар мен ұйымдардың әкімшілігінен олардың азаматтарды шетелде тұрғылықты тұруға қалдыру туралы пікірі жөніндегі олардың жазбаша өтінішін алады, сонымен қатар мәселені ұлттық қауіпсіздік органдарымен келіседі.

44. Азаматтардың шетелде тұрақты тұруға қалдырылуы жөніндегі мәселеге

қатысты барлық материалдар олардың сыртқа шығу материалдарына қосылады.

Дипломатиялық өкілдікке немесе консулдық мекемеге Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі арқылы арыз иелерінің өтінішін қанағаттандыратыны туралы ішкі істер басқармасының дәйекті пікірі хабарланады.

45. Шетелде тұрақты тұруға қалдырылуы туралы материалдарды Ішкі істер органдарында талқылау мерзімі шетелге шығу үшін белгіленген ресімдеу мерзімінен аспауы керек.

10. Паспорттың жоғалуы

46. Паспорт жоғалған жағдайда тез арада оның иелері ол жөнінде жоғалған жердегі ішкі істер органдарына, ал шетелде болған кезде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелеріне хабарлауы тиіс (егер Қазақстан Республикасының халықаралық уағдаластықтарында басқадай қарастырылмаған болса). Мұндай өтініш келіп түскен жағдайда қалалық, аудандық ішкі істер органдары паспорт берілген жердегі Көші-қон полициясы басқармасына (бөліміне) паспорт жоғалуы туралы телеграф арқылы хабарлайды, ал ол Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекаралық қызметіне хабарлайды. Бір мезгілде қалалық, аудандық ішкі істер органдары өтініш иесінің жеке басын анықтайды және құжаттың жоғалу жағдайы тексеріледі.

47. Жаңа паспорттың берілуі тек аталған іс-қимылдар жүзеге асқаннан кейін ғана мүмкін болады.

48. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері жеке басы мен азаматтығын анықтайтын басқа да құжаттары болмаса Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті арқылы ішкі істер басқармаларына (Ішкіісминге) сұрау келіп түскеннен кейін және өтініш иесінің жеке басы анықталған соң ғана оның кері қайтуына куәлік, ал шетелде тұрақты тұрушыларға паспорт беріледі.

11. Шетелге шығуды ресімдеу мәселелері бойынша іс-қағаздарын жүргізу.

49. Шетелге шығу мәселелері жөніндегі іс-қағаздар, қызметтік жазбалар, сауалнама-арыз толтыру және басқа да құжаттар мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде жүргізіледі.

50. Шетелге тұрақты тұруға немесе жеке шаруасы бойынша уақытша шығуды

қарау үшін қажетті құжаттарын берген Қазақстан Республикасының азаматтарына шығу ісі рәсімделеді.

51. Азаматтардың шетелге шығу туралы өтініштері бойынша істері сыртқа шығу істер тіркеу кітабына жазылады. Оның ішінде өтініш иесінің арызына қатысы бар барлық құжаттары мен материалдары болуы тиіс. Қайта жасалған өтініш бойынша, сондай-ақ бір отбасы мүшелерінің материалдары сыртқа шығу істеріне тіркеледі.

52. Ішкі істер органдары талқылауға алған құжаттар азаматтарға қайтарылмайды.

53. Қазақстан Республикасы азаматтарын шетелге шығу үшін ресімдеуге қатысты материалдар ішкі істер басқармасының Көші-қон полициясы басқармасында (бөлімінде) мынадай мерзімдерге сақтауға жатады:

1) шетелге жеке шаруамен уақытша шығу туралы қолдаухат бойынша істер - қолдаухат бойынша шешім қабылдаған күнінен бастап - 10 жыл;

2) шетелге турист ретінде және қызмет бабымен шығу бойынша материалдар - шешім қабылдаған уақыттан бастап - 1 жыл;

3) шетелге тұрақты тұруға шығу туралы қолдаухат бойынша істер - оң шешім қабылданған күннен бастап - 10 жыл немесе соңғы өтініш бойынша теріс шешім қабылдаған күннен бастап - 5 жыл.

Жалпы істер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерімен белгіленген мерзімдер өткенге дейін сақталады.

54. Қазақстан Республикасының шетелге шығу туралы өтініш жазған

азаматтарына есеп карточкалары толтырылады (7 қосымша), олар Ішкіісмин, ішкі істер басқармаларының Көші-қон полициясы басқармаларында соңғы сыртқа шыққан сәтінен бастап 5 жыл өткенге дейін сақталады.

55. Ішкі істер органдарының қарсылығына байланысты бас тарту себептері осы Нұсқаулықтың 31-тармағындағы есеп карточкаларында тармақшасына сәйкес келетін цифрмен белгіленеді.

56. Сақтау мерзімдері өткеннен кейін материалдар мен құжаттар белгіленген тәртіпте акт бойынша жойылады.

Көші-қон полициясы департаменті

Нұсқаулыққа

1 қосымша

Шетелге шығуға рұқсат жазба мөртабанның үлгісі

MULTIPLE EXIT IS PERMITTED

РАЗРЕШЕН МНОГОКРАТНЫЙ ВЫЕЗД

ДО "___" _____ Г/Ж ДЕЙИ

мөртабан көлемі

БІРНЕШЕ МӘРТЕ ШЫҒУҒА РҰҚСАТ БЕРІЛДІ

70 мм X 20 мм

ҚОЛЫ/ПОДПИСЬ _____

Мөртаңба

Нұсқаулыққа

2-қосымша

Қорытынды

Азамат _____

атағы, тегі, аты-жөні

Қазақстан Республикасынан шығуға рұқсат беретін жазба ресімделсін

ІІБ ҚКП инспекторы _____

атағы, тегі, аты-жөні

20 ___ жылғы "___" _____

Қолы

ІІБ ҚКП бастығы _____

атағы, тегі, аты-жөні

20 ___ жылғы "___" _____

Қолы

мөртабан көлемі

100 мм X 60 мм

Нұсқаулыққа

3-қосымша

_____ ІІБ

_____ арызданушының тегі, аты, әкесінің аты фото

егер басқа тегі, аты, әкесінің аты болса

оларды көрсету керек, күні, айы, жылы және

туған жері, тұрғылықты жері

үй _____, қызмет _____ телефондары

Шетелге шығуды рәсімдеу туралы
Сауалнама-Арыз

Маған _____ шығу үшін рұқсат жазба рәсімдеуіңізді сұраймын.

Бару мақсаты! тұрғылықты! жеке ! қызмет ! туризм ! емделуге
(қажетсізін тұруға шаруамен бабымен және демалуға
сызылсын)

_____ шақыруы бойынша
бұрын шетелге _____

_____ бардым

(барған мемлекетіңіз бен жылыңызды көрсетіңіз)
соңғы 5 жыл ішіндегі қызметі (оқу орындарындағы оқуы мен әскери қызметін
қоса алғанда)

оқуға түскен, әскерден ! кәсіпорын, мекеменің ! ескертпе
босаған жылы атауы мен лауазымы

_____ ! _____ !

Паспорт N _____ 200 _____ жылғы " ____ " _____ берілген.

Жеке бас куәлігі N _____ 200 _____ жылғы " ____ " _____ берілген.

Сауалнамаға біле тұра жалған деректер бергені үшін жауап беретіні туралы
ескертілді.

200 ____ ж. _____

арызданушының қолы

Сауалнамада көрсетілген мәліметтер жеке басының куәлігімен және еңбек
кітапшасымен салыстырылды.

200 ____ ж. _____

Ұйымның лауазымды тұлғасының
қолы, тегі

Ұйым М/О

Сауалнама 200 __ ж. _____ инспектор _____

қабылданып алынды. сауалнаманы қабылдап
алған адамның тегі, қолы

Нұсқаулыққа
3 қосымша

(сыртқы беті)

Сонымен бірге менің 18 жасқа дейінгі балаларыма да рұқсат жазбаны
ресімдеуіңізді сұраймын:

Тегі, аты, әкесінің аты ! туған күні, айы, жылы

!

!

!

!

Толықтыру

(Шетелге тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасынан шығатын адамдар
толтырады)

Тегі, аты, !туыстық ! туған жылы, ! жұмыс орны,! Баратын елі, мекен-
әкесінің аты!дәрежесі! туған жері ! лауазымы ! жайы, тұрғылықты жері

Нұсқаулыққа
4 қосымша

Шетелге тұрақты тұру үшін шығатын адамнан заң бойынша алимент алуға
құқы бар адамның нотариус растаған өтінішінің үлгісі.

Маған, _____

менің _____

(туысқандық дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты)

шетелге тұрақты тұруы үшін Қазақстан Республикасынан шығатындығы туралы белгілі. Осыған байланысты _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

алименттік төлемдерді өндіру бойынша талаптары жоқтығын мәлімдеймін.

200 ____ жылғы " ____ " _____ қолы

Нұсқаулыққа

5-қосымша

Ұйымның бланкісі _____ ПБ бастығына

(мөртабаны) _____ облысы

шығ. N _____

200 ____ жылғы " ____ " _____

_____ шығу үшін рұқсат жазба ресімдеуіңізді өтінеміз.

(ел)

1. _____

тегі, аты, әкесінің аты

2. _____

тегі, аты, әкесінің аты

3. _____

тегі, аты, әкесінің аты

4. _____

тегі, аты, әкесінің аты

5. _____

тегі, аты, әкесінің аты

6. _____

тегі, аты, әкесінің аты

Бару мақсаты _____

Шығу 200 ____ жылғы " ____ " _____ белгіленген.

Шығу 200 ____ жылғы " ____ " _____ N _____ келісілген.

_____ теңге көлемінде мемлекеттік баж төленді.
Түбіршек _____

Ұйымның М/О

Ұйымның басшысы

Нұсқаулыққа
6-қосымша

_____ облыстық ІІБ
Көші-қон полициясы
басқармасының бастығына

мекен-жайында тұратын

(тегі, аты, әкесінің аты)

Маған _____ туристік сапарға шығу үшін рұқсат жазба
(ел)
ресімдеуіңізді сұраймын.

Шығу 20 ____ жылғы " ____ " _____ белгіленген.

_____ теңге көлемінде мемлекеттік баж төленді.

Түбіршек _____

қолы

20 ____ жылғы " ____ " _____

Нұсқаулыққа
7-қосымша

Шетелге шығуға қолдау жасаған адамдарды
есепке алу карточкасы

1. _____
тегі, аты, әкесінің аты

2. !Ер!Әйел! 3. 19 ____ жылғы " ____ " _____ 4. _____

(қажетсізін туған күні, айы, жылы азаматтығы
сызылсын)

5. _____
туған жері, мемлекеті, облысы, ауданы, елді-мекені

6. _____ !кіру!шығу! 7. _____
құжаттар қабылданған (қажетсізін шығатын елі
күні, айы, жылы сызылсын)

8. !тұрақты! уақытша! 9. !туысы!танысы! 10. _____
(қажетсізін (қажетсізін шешім қабылданған
сызылсын) сызылсын) күні, айы, жылы

11. рұқсат 12. _____ 13. _____
берілді!берілмеді! істің, өтініштің, рұқсат берілмеуінің
(қажетсізін сауалнаманың номері шартты себебі
сызылсын)

14. Паспорт N _____ 19__ ж. "___" _____ берілген.

15. Жеке бас куәлігі N _____ 19__ ж. "___" _____ берілген.

16. _____
мекен-жайы

17. _____
әр түрлі белгілер

18. _____ 19. _____
Ішкіісмин, ПБ атауы карточканы толтырылған адамның қолы

карточка көлемі 210x148 мм

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК